

"ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 шілдедегі № 100 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 71-1-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес және 2024 жылғы 22 мамырдағы № 2668-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қостанай облысы Денисов ауданының аумағында орналасқан, жалпы аланы 3036,6299 гектар жер учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында 2030 жылғы 22 мамырға дейінгі мерзімге осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Денисов ауданының әкімі

Қатпаев Р.Ж.

Денисов ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 15 шілдедегі

№ 100 қаулысына

қосымша

Қостанай облысы Денисов ауданының аумағында орналасқан жер учаскесіне қауымдық сервитут

Жер учаскесінің орналасқан жері	Алаңы (гектар)
Денисов ауылдық округі	59,5097
Перелески ауылы (елді мекен шегінен тыс)	63,0996
Глебовка ауылы (елді мекен шегінен тыс)	933,2730
Тельман ауылдық округі	1980,7476
Барлығы:	3036,6299

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК